

## Шиелі кентінен атауы жоқ көшеге Мұхамеджан Қаратаевтың есімін беру туралы

Қызылорда облысы Шиелі ауданы Шиелі кенті әкімінің 2010 жылғы 18 қарашадағы N 1075 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Шиелі ауданының әділет басқармасында 2010 жылы 27 желтоқсанда N 10-9-181 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 3-тармағын басшылыққа ала отырып, аудандық ономастикалық комиссия мәжілісінің 2010 жылғы 09 наурыздағы N 3 ұсыныс хаттамасына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. Шиелі кенті "Шиелі-Жахаев" автожолы бойындағы ұзындығы 920 метр атауы жоқ көшеге Қазақстан Республикасының халық жазушысы Мұхамеджан Қаратаевтың есімі берілсін.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

*Кент әкімі*

*М. Молдабаев*